

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША / БАЯНДАМАЛАР

Баяндама "Интерактивті технология"

ЖАРИЯЛАНДЫ
05.07.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/16404/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Тұрашева Таңшолпан Ағайдарқызы

Қазіргі заманда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру қоғамның ең маңызды міндеттерінің бірі. Білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Халық даналығында «Ағаш түзу өсу үшін оған бұтақ кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділігін арттыру үрдісі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасады. Балаларды имандылыққа тәрбиелеудегі оның бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудағы білімге деген қызығушылығын оятудағы, өзара түсіністік пайда болудағы педагог пен балалардың арасындағы қарым-қатынастың рөлі ерекше. Бәріне белгілі жағдай, кіші топ балаларының ересек балаларға қарағанда айырмашылығы мәліметті қабылдау ерекшелігінде. Кіші топтың балалары көбіне ойын түріндегі, суреттер арқылы берілген мәліметтерді тез қабылдайды. Ал теледидардан, яғни экраннан көрген мәліметтерді жас бүлдіршіндер одан да жақсы қабылдайды. Бұл жерде бір айта кететіні, экраннан көріп қабылдаған мәліметтерді жас бүлдіршіндер қабылдауға жалықпайды, қайта оларда талпыныс, білуге деген қызығушылық пайда болады.

Елбасымыз Н.Назарбаев: «...Адамзат үшін XXI ғасыр жаңа технологиялардың ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жасұрпақтыңтағдыры – ұстаздардыңқолында», – деп атапөткен. Сондықтан да оқыту – тәрбиелеу үрдісіндегі аса қажетті, педагог пен бала арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсіністікті, сыйластықты, тіпті тәртіпті де жетілдіруге, нығайтуға, дамытуға, орнатуға және балалардың ұйымдастырылған оқу қызметін меңгерудегі мәнін жақсартуда **интерактивті технологияның** орны ерекше. Білім берудегі интерактивті технология

(интерактивсөзі - *inter* (бірлесу), *act* (әрекет)) оқу қызметі барысында ұйымдастырылғаноқу қызметіне балалардың қатысуын ұйымдастыратыноқыту барысы болыптабылады. Интерактивті технология интерактивті әдістер арқылы іске асады. Интерактивті әдістергетөмендегілер жатады:

- пікірталастар;
- топпен жұмыс;
- миғашабуыләдісі;
- іскерлік ойындар;
- сауалнамалар жүргізу әдісі;
- презентациялар, т.б.

Балаларды адамгершілік тәрбиелеуде бұл әдістердің пайдасы зор. Мысалы, интерактивті ақтамен презентациялар арқылы адамгершілік тақырыбына байланысты ертегі, мультфильмдерді көрсету оларды адамгершілікке, мейірімділікке, адалдыққа және еңбексүйгіштікке баулиды.

Ертегі кейіпкерлерін көрген соң олардың ерліктеріне еліктеу, қиялдау, жақсы және жаман жақтарына жыратып, жағымды жақтарын бойына сіңіреді, кейіпкерлерге деген сезімдері мен елестету қабілеттері дамиды.

Атақты педагог Сухомлинский: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты - дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық», - деп атап көрсеткен.

Қорытындылай келе, интерактивті оқыту бір мезетте бірнеше сұрақтарды шешуге жол береді. Балалар арасында қызық та қызу контактілер құрудың тәрбиелік маңызы зор. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында интерактивті технологияны оқу үрдісінде қолдану мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.